

"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы N 6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 желтоқсанда N 3988 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2023 жылғы 24 қарашадағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 24.11.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" ("Қызылжар Нұры" және "Проспект СК" газеттерінде 2014 жылғы 29 қаңтарда жарияланды, мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2515 болып тіркелді,) Петропавл қалалық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 6 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Петропавл қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы*

В. Витченко

*Петропавл қалалық
мәслихат хатшысы*

А. Бердағұлов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі*

Е. Сұлтанов

2016 ж

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленген және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Петропавл қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Петропавл қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

2) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) әлеуметтік бейімдеу шаралары – "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабымен белгіленген, әлеуметтік ортаның жағдайына қалыптасу үшін ұсынылатын, арнаулы әлеуметтік қызметтер, мүгедектерді оңалту құралдары, сондай - ақ Қазақстан Республикасының заңнамалар тәртібімен қарастырылған мемлекеттік қолдаудың өзге де шаралары;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі – Солтүстік Қазақстан облысының статистикалық органдарымен есептелетін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – "Петропавл қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы- "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" департамент;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Петропавл қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

3. Осы Қағидалар Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы аумағында тұрақты тұратын адамдарға таралады.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігімен "Петропавл қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – Алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсетілетін көмек түсініледі.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабы және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек, осы Қағидаларда қарастырылған тәртіпте көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсетуге атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ алушылар санаты тұрғысында әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшері Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндеріне көрсетілетін әлеуметтік көмек арнайы мемлекеттік жәрдемақыны алушыларға осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген сәйкес санат бойынша жылына бір рет көрсетіледі.

7. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен бекітілген ереже негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, зілзала апаттары немесе өрт салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдіру мерзімдері Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы әкімдігімен белгіленеді және осы Қағидалардың 2 қосымшасына сәйкес бекітіледі.

9. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелердің және адамның (отбасының) материалдық - тұрмыстық жағдайын тексеруді өткізудің соңғы тізбесі Осы Қағидалардың 3 қосымшасына сәйкес бекітіледі.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

10. Әлеуметтік төлемдер 451-007-000 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

11. Осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген негіздемелер бойынша әлеуметтік көмек, зілзала апаттары немесе өрт салдарынан зардап шеккен, бір тұрғын үй (тұрғын құрылысы) иесіне табыс есебінсіз беріледі.

12. Осы Қағидаларға 3-қосымшасының 1)-13) -тармақшаларында көрсетілген негіздемелер бойынша әлеуметтік көмек, азаматтарға Солтүстік Қазақстан облысы бойынша белгіленген, бір реттік ең төмен күнкөріс мөлшері шегінен аспайтын тұлғаның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы есебімен, жылына бір рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіш көлемінде беріледі.

13. Осы Қағидаларға 3-қосымшасының 15)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша әлеуметтік көмек, 3 жылда бір рет тіс протезінің құны көлемінде, медициналық мекемемен берілген шот-фактураға сай, табыс есебінсіз көрсетіледі.

14. Осы Қағидаларға 3-қосымшасының 16)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша әлеуметтік көмек, бір жылда бір рет санаторлық-курорттық емделу құны көлемінде, өтініш білдірушінің тұрғылықты мекенжайы бойынша мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемесінің ұсыныстарына сай,

санаторлық-курорттық картаның көшірмесін ұсынғанда табыс есебінсіз көрсетіледі.

15. Осы Қағидаларға 3-қосымшасының 17)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша әлеуметтік көмек, жылына бір рет табыс есебінсіз беріледі.

16. Осы Қағидаларға 3-қосымшасының 18)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша әлеуметтік көмек, бір рет табыс есебінсіз 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіш көлемінде беріледі.

17. Осы Қағидаларға 3-қосымшасының 19)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша әлеуметтік көмек, бір реттік ең төмен күнкөріс мөлшері шегінен аспайтын адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы есебімен әр оқу семестріне бөлек оқу құны мөлшерінде беріледі.

18. Осы Қағидалардың 3-қосымшасы 20)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша әлеуметтік көмек, бір рет табыс есебінсіз облыстық туберкулезге қарсы диспансердің тізімдері негізінде, жылына бір рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіш көлемінде беріледі.

Аталған тұлғаларға әлеуметтік көмек, егер олар толық мемлекеттік қамтамасыз етуде болмаса ғана көрсетіледі.

19. Осы Қағидалардың 3-қосымшасы 21)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша әлеуметтік көмек, ай сайын табыс есебінсіз "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы-"Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" департаментімен берілетін тізім бойынша, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

20. Әлеуметтік көмек көрсетуге адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына бөлу арқылы және үш айға есептеп шығарылады.

Сонымен бірге жиынтық табыс "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығымен бекітілген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесіне сәйкес есептеледі (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер Тізімінде № 5757 болып тіркелген).

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

21. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы

бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігімен бекітілетін тізім бойынша көрсетіледі.

22. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін куәландыратын құжатты;
- 3) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

23. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

24. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

25. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 5, 6 -қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға жібереді.

26. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

27. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

28. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

29. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

30. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 26-және 27-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

31 Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

32. Әлеуметтік көмек өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап алты айдан кешіктірмей беріледі, осы Қағидалардың 2-қосымшасында және 3 қосымшасының 1), 2), 5), 13) тармақшаларында көрсетілген туындаған өмірлік қиын жағдайларды есептемегенде.

33. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін белгіленген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады;

34. Әлеуметтік көмекті беру үшін шығындарды қаржыландыру, Петропавл қаласының бюджетімен қарастырылған, ағымдағы қаржыландыру жылына арналған қаражат шегінде іске асырылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу уәкілетті органмен екінші деңгейлі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы сомаларды өтініш білдірушілердің жеке есеп шоттарына аудару жолымен жүргізіледі.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

35. Әлеуметтік көмек:

- 1) Алушы қайтыс болған;
- 2) Алушы Петропавл қаласының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) Алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

36. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

6. Қорытынды ереже

37. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасына 1 қосымша

Алушылар санаты тұрғысында, әлеуметтік көмек көрсетуге атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі

№ р/с	Алушылар санаты	Айлық есептік көрсеткішке еселі, әлеуметтік көмек мөлшері
15 ақпан – "Ауған аумағынан әскерді шығару күні"		
	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып	

1	<p>, ұрыс кимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс кимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс кимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.</p>	15 АЕК
2	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің және өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс кимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.</p>	15 АЕК

3	Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер.	15 АЕК
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.	15 АЕК
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер	15 АЕК
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілері	15 АЕК
8 наурыз – "Халықаралық әйелдер күні"		
7	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар	5 АЕК
26 сәуір – "ЧАЭС апатты еске алу күні"		

8	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.	15 АЕК
9	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	15 АЕК
10	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	15 АЕК
11	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы.	15 АЕК
12	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда.	15 АЕК
7 мамыр – "Отанды қорғау күні"		
13	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрама адамдарының отбасы.	5 АЕК
14	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы.	5 АЕК
9 мамыр – "Жеңіс күні"		
15	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.	50 АЕК
	Қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген	

16	жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді, қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондақ-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	5 АЕК
17	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, немесе сол кездерде қалаларда болған адамдар, оларды қорғауға қатысу, майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі.	5 АЕК
18	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар.	5 АЕК
19	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамына қатысқан адамдар.	5 АЕК
20	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері.	5 АЕК
21	Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар.	5 АЕК

22	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.	5 АЕК
23	Әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.	5 АЕК
24	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин Кеңестік Социалистік Республикасы, Белорус Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумақтарында қимыл жасаған қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруы кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар	5 АЕК
25	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы.	5 АЕК
26	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың , еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері).	5 АЕК
27	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.	5 АЕК

31 мамыр – "Аштық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні"

28	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.	15 АЕК
29	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі:</p> <p>а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;</p> <p>б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;</p> <p>в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы;</p> <p>г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариаты, Мемлекет Қауіпсіздік министрлігі, Ішкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;</p> <p>д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады</p>	15 АЕК
30	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар	15 АЕК
31	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының	3 АЕК

	қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары	
30 тамыз – "Қазақстан Республикасының Конституциясы күні"		
32	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматтары	10 АЕК

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасына 2 қосымша

Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, зілзала апаттарынан немесе өрт салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері

№ р/с	Әлеуметтік көмек алушылардың санаты	Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері	Әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері
3	Зілзала апаттарынан немесе өрт салдарынан зардап шеккен отбасылар (азаматтар)	100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірмей

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасына 3 қосымша

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелердің соңғы тізбесі

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ана қамқорлығының болмауы;
- 3) Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;
- 4) Туғаннан үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі;
- 5) Дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне негізделген организм функцияларының тұрақты бұзылуы;
- 6) Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

7) Жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

8) Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;

9) Баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

10) Бас бостандығынан айыру орындарынан босау;

11) Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінде есепте тұруы;

12) Айрықша күн тәртібіндегі білім беру ұйымдарында ұсталатын кәмелетке толмағандарды табу.

13) Төрт және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар, толық емес көп балалы отбасылардың мұқтаж болуы;

14) Зілзала апаттары немесе өрт, не әлеуметтік мәні бар аурулардың азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне залал келтіруі;

15) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың, қымбат бағалы металлдардан және металлокерамикалы, металлоакрилды протездерден басқа тіс протездеуге мұқтаж болуы;

16) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар, жалпы аурудың 1, 2, 3 топтағы мүгедектері және мүгедек балалардың Қазақстан Республикасының санаторийлерінде (профилакторийлерінде) санаторлық-курорттық емделуге мұқтаж болуы;

17) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар, Семей ядролық сынақ полигоны аумағында зардап шеккен адамдардың, жалпы аурудың 1, 2, 3 топтағы мүгедектері, мүгедек балалар, сондай-ақ мүгедек балаларды ертіп апарушы адамдардың темір жол, жолаушылар автокөлігі транспортымен (таксиден басқа), көрсетілген транспорт жабдықтарының біреуінің ішінен, жіберу бекетінен Қазақстан Республикасы аумағы бойынша госпитальдеу орнына дейін және кері қайту жолын төлеуге мұқтаж болуы;

18) Петропавл қаласының аумағында алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін және тарату орны бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс шартымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жұмыс істейтін, мемлекеттік және жеке емдеу-профилактикалық мекемелеріне тұрақты жұмыс орындарына келген дәрігерлердің және медициналық жоғары оқу орындарының түлектерінің әлеуметтік көмек алуға мұқтаждығы;

19) күндізгі оқу нысаны бойынша Солтүстік Қазақстан облысының жоғары оқу орындарында оқитын, күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен жан басына шаққандағы орташа табысы бар, отбасы мүшелерінің оқу ақысын төлеуге мұқтаж болуы;

20) Солтүстік Қазақстан облыстық туберкулезге қарсы облыстық диспансерінде амбулаторлық емделуде жатқан және туберкулездің белсенді түрімен ауыратын адамдарға, қосымша тамақтануға мұқтаждығы;

21) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5 және 7 - баптарында көрсетілген, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің коммуналдық қызмет көрсетулерге және отынға жұмсалатын шығындарды төлеуге мұқтаж болуы.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасына 4 қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, _____ (үйінің мекенжайы, тел.)
_____ әкесінің аты (болған жағдайда)

P/c №	Отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасының құрамы туралы мәліметтерді куәландыруға уәкілетті органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

_____ (қолы)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасына 5 қосымша

**Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының)
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру
АКТІСІ**

20__ ж. " __ " _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

2. Тұратын мекенжайы _____

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қиын жағдай

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____

адам, оның ішінде:

P/c №	тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда).	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны: _____

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 (сексен) жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің,

мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше көрсету керек): _____

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айына	

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

_____ қазіргі уақытта
өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі): _____

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі): _____

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі _____

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

_____ (қолдары) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Жасалған актімен таныстым: _____
Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы
Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____ өтініш
берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) тегі, аты, әкесінің аты (болған
жағдайда) және қолы, күні _____
_____ (өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда
толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың қағидасына 6
қосымша

Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы

20__ жылғы _____

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу
және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты
әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының) _____

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар
және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру
нәтижелерінің негізінде _____
_____ (қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты
әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қорытынды

қоса берілген құжаттармен ___ данада

20__ ж. " __ " _____ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған уәкілетті орган қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда) _____, лауазымы, қолы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК